

**"Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің арнайы көлік құралдарының заттай нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 8 желтоқсандағы № 11-3/1070 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 13 наурыздағы № 112 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 3 сәуірде № 16715 болып тіркелді

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің арнайы көлік құралдарының заттай нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 8 желтоқсандағы № 11-3/1070 бұйрығына ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12477 болып тіркелді, 2015 жылы 30 желтоқсанда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің қарамағындағы республикалық мемлекеттік мекемелердің арнайы көлік құралдарының заттай нормалары осы бұйрықтың қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесінің ресми жариялау және Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберілуін;

4) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

5) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы

тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің орынбасары –  
Қазақстан Республикасының  
Ауыл шаруашылығы министрі

Ө. Шөкеев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрі

\_\_\_\_\_ Б. Сұлтанов

" " 2018 жыл

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің орынбасары –Қазақстан  
Республикасы  
Ауыл шаруашылығы министрінің  
2018 жылғы 13 наурыз № 112  
бұйрығына қосымша

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы министрінің  
2015 жылғы 8 желтоқсандағы  
№ 11-3/1070 бұйрығына  
4–қосымша

## **Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің қарамағындағы республикалық мемлекеттік мекемелердің арнайы көлік құралдарының заттай нормалары**

Арнайы көлік құралының атауы*	Арнайы көлік құралының функционалдық мақсаты	Арнайы көлік құралдарын пайдалануға құқығы бар республикалық мемлекеттік мекемелер	Көлік құралдарының шекті саны
		Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті	3
		Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің	264

Жедел	Жануарлар дүние-сін қорғау, өсімін молайту және пай-далану, сондай-ақ ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мен айрықша экологиялық, ғылы-ми, тарихи-мәдени және рекреациялық құндылығы бар мемлекеттік табиғи-қорық қоры объект-тілері саласында бақылауды жүзеге асыру үшін.	облыстық аумақтық инспекциялары, оның ішінде:	
		Ақмола облысы	22
		Ақтөбе облысы	11
		Алматы облысы	35
		Атырау облысы	35
		Шығыс Қазақстан облысы	33
		Жамбыл облысы	14
		Батыс Қазақстан облысы	14
		Қызылорда облысы	17
		Қарағанды облысы	16
		Қостанай облысы	15
		Маңғыстау облысы	14
		Павлодар облысы	12
		Солтүстік Қазақстан облысы	14
		Оңтүстік Қазақстан облысы	12

Ескертпе: \* арнайы көлік құралы – жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану, сондай-ақ ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мен айырықша экологиялық, ғылыми, тарихи-мәдени және рекреациялық құндылығы бар мемлекеттік табиғи-қорық қоры объектілері саласында бақылауды жүзеге асыруға арналған жеңіл автомобиль негізіндегі көлік құралы.